

437  
ISSN 1727-0537

# НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им.С.ТОРАЙГЫРОВА



4'2003

## ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ



УДК 330.342.14 + 321.7

## КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯ (ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛДІ ҚАЙТА ӨРЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ)

А.Х.ЫСҚАҚОВ

*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

*Капитализм және тарихи қалыптасқан демократия ерекшеліктері ұлтымыздың тілін, дінін, ұлттық психологиясын және сананың дамуына, түлетуге жаңа жағдай тугызы. Мемлекетсіз ол шешілмейді.*

*Капитализм, развивающийся в специфических условиях Постсоветского Казахстана, создал аналогичные проблемы в развитии казахского языка, национальной психологии и сознания. Превращение государственного языка в язык науки, производства и управления невозможно без участия самого государства.*

*Developing capitalism at specific conditions of post soviet Kazakhstan made similar problems in development Kazakh language, national psychology and consciousness. Conversion state language in science language, in production and management language is impossible without participation of this state.*

Демократия негізгі белгісі болып табылатыны - әрбір мемлекеттің халқының үкімет билігін иесі болуы. Тарих көлемінде әр заманда халықтардың әрқайсысы оны өздерінше түсінген. Бүгінгі таңда демократия деген барлық қоғамдық, әлеуметтік топтардың мүддесін есепке алу деп табылады. Қазақстанда демократиялық даму процесінің ерекшелігі - қазақ ұлтымызды дамытып жетілдіру, тілімізді, дінімізді дамыту, ұлттық сананы, ұлттық психологияны дамыту. Онымен басқа диаспорлардың ұлттық ерекшеліктерін, тілдерін, діндерін сыйлау.

Оны ескермесе, халықтың, немесе ұлтымыздың және диаспорлардың, әлеуметтік топтардың әлеуметтік кернеулігі өседі. Әлеуметтік кернеулігі Қазақстанның барлық облыстарында емес, жеке бір облыста болуы мүмкін. Оған себеп болып экологиялық та, нарық та, т.б. шығады. Әлеуметтік кернеулікті кейбір саяси топтар да тудырады. Олар кейбір әлеуметтік топтардың наразымен

пайдаланыш, үкіметке қарсы ішкі саясатты менсінбеуге бұрмалайды.

Мысалы, соңғы уақытта (жылдарда) өз кәсіпшілдіктердің дамыту арқылы кейбір кәсіпкерлер өз кәсіпкерлігін үкіметтің басқару қызметімен пайдаланып жүргізді. Одан әрі өсуіне лауазымды қызмет жағдай бермегесін үкіметке қарсы шыға бастады. Сөйтіп жасырын экономикалық кәсіпкерлік мүдде оларды саяси өмірге итермелей бастады. Сөйтіп біздің елімізде ДТК (ДВК) дүниеге келді.

Егемендік алғашқы жылдары Қазақстандық басқарма орталықтары нарықта жұмыс істеу тәжірибесі жоқ болған. Ол тәжірибе орталықтарда, облыстарда орын алған. Социалистік дәуірде қалыптасқан қоғамдық психология капиталистік психологияға көлемді түрде айналған жоқ.

Кәсіпкерлер ара сияқты капиталистік өзара қатынастарды көрші шет елдерден тасып жатты. Қазақстан шет капиталистік дамыған елдерден инвестиция алып жата бастады. Сөйтіп біздің елде алғашқы түрдегі капиталистік өзгерістер қоғамымызға ене бастады. Сонымен қатар капиталистік нарықтық адам қатынастары қалыптасып жатты.

Сөйтіп, Қазақстанда әкімшілік – өндірістік шаруашылық жүйе қалыптасып жатты, мемлекеттік және жеке меншік аралас экономика

дами бастады. Басқару тәжірибесі қалыптасып экономикалық инфраструктура қанатын жайып өсіп жата бастады. Үкіметтің басқаруымен макроэкономика жетілдіру арқылы көп салалы өндірістік жүйеге айналады. Осы жағдай арқасында капиталистік психология, капиталистік сана қалыптасу арқылы социалистік қоғамынан қалыптасқан психология көбінесе зейнеткерлер, бюджеттік қызметкерлер санасында сақталып қалып жатты. Сондықтан зейнеткерлер, мұғалімдер, дәрігерлер социалистік дәуірге ностальгиялық психологияны сақтады.

Әрине, осы қалдық психология негізінде ҚДТ (ДВК) қалыптасып шықты. Ыдыраған СССР елдерінде Қазақстан мен Россияның қоғам психологиялары ең жақын болып шықты. Біріншіден екі елдің этнологиялық құрылымы, әсіресе, шекара жерлерде. Олардың ішінде туыстық, жолдастық кәсіпкерлік – өндірістік байланыстар болып табылады.

Әлбетте, қазақ ұлттық мүдделері және ежелден бостандық сөйтіп халін өзінің ерекшеліктерімен қоса, аралас кеңестік психология қалдықтарын сақтау арқылы массалық психологияның елеулі көлемде сақтап қалды.

Сондықтан, мемлекет, басқару мекемелер, орталықтары, аймақтарда, аудандарда негізгі мақсаты ретінде азаматтарды, оқушыларды, сту-

## ОҚЫРМАН БҰРЫШЫ

денттерді, халықтың жалпы нарықтық ұлттық психологияны тәрбиелеу өте қажет. Ауылдық жерде әр семьяны нарықтық қатынасқа енгізіп қана оларда нарық психологияны қалыптастыру мүмкіндігі туады. Одан артық тәрбиешіні таба алмайсың. Ауылдық әкімшілікке ауылшаруашылық өндірісті ұйымдастыру арқылы осы тәрбиені қолға алып қарқанды жолмен қалыптастыруға болады.

Ұлттық психологияны ұлттық қатынастар: әдет – ғұрыптар, ұлттық ойындар, жанұя қатынастары, мейрамдар, діни мейрамдар мен діни әдет – ғұрып, ұлттық киім және т.б. Осы ұлы істі жүзеге асыруға «Ауыл» бағдарламасы елеулі көмек берді.

Егер макроэкономикалық басқару жүйесі мемлекет қызметкерлерінің мемлекет басқару ойлау жүйесін, ұлттық сананы қалыптастырса, аудандық, өлкелік дегендей де ұлттық психологияны микроэкономикалық процестер елеулі қызмет атқарады.

Ұлттық психологияның және ұлтның сананы қалыптастыратын негізгі құрал болып әлеуметтік шаруашылық өзара қатынастар. Еуропалық және американдық ұлттардан қазақ ұлттың даму ерекшелігі – оны Қазақ ұлтты мемлекет ұйымдастырады. Онсыз болмайды. Орта және жаңа ғасырда ұлттардың қалыптасуы қанды уақиғалармен, соғыстар-

мен жүргізілсе, Қазақстан осы өзгерістер оппозициялық қозғалыстармен, жасырынды экономикалық мүдделермен араласып жатыр. Қазақстандық жеке меншік иелері Ресей және жақын-алыс бизнесмен жасырынды мүдделерімен тығыз байланысуда.

Бір сөзбен айтқанда, ұлттық психология, ұлттық сана ұлттық сезімнің, ұлттық дүниетанымның негінде қалыптасады. Бірінші дабыл жүйесі (первая сигнальная система) ұлттық психологияны қалыптастырса, ұлттық сана екінші дабыл жүйесіне байланысты. Қорыта айтқанда, психологияны сезім, саналы сөз жүйесі (вербальная [словесная] система) жасайды. Сана мен сезім бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірін қалыптасу процесінде араласып жатады, салыстырады.

Қоршаған ортаны, табиғатты, оның ішінде адам өз ақыл-күшімен жасаған ортаны, азаматтық қатынастарды жеке адамның және қоғамдық сана психология және сана дәрежелерде қабылдайды. Сезім дегейінде және сана, ақыл парасат дәрежеде түсінеді, соған қарай дүние танып, көзқарасын қалыптастырады.

Осы тұрғыдан алғанда, ана типіміздің қоғамдық атқаратын функцияларын жандандыру үшін үкімет адам тәрбиесін туғаннан бастап, әуелі тәрбиесін қабылдау жүйе кенін екі дәрежесінде жүргізуі тиіс. Себебі,

бүгінгі таңда қызметтегі адамдар орыс тілінде тәрбиеленді, оқытылды да. Сондықтан оларда ұлттық психологиясы шала, ұлттық сананың фундаменти – ұлттық психологиясы дамыған. Қорыта айтқанда, онтогенез процесі дұрыстағасын ұлтымыздың өз ана тілінде жұмысын істеп, ана тілінде ойланатын, ұлттық деңгейде қоғамдық қатынастар ұлттық сипатталады.

Нарық экономикалық жағдайы, қоғамның дамуының демократиялық деңгейі мемлекеттік тілдерінің дамуына мүмкіндіктері көбейтеді, ана тілдің атқаратын қоғамдық функцияларын жетілдіреді. Әлбетте, ол үшін уақыт қажет, сонда қоғамдық өмірге ұлттық психологиясы қалыптасқан жас кадрлар келгенде қазақ ұлтының дамуында жаңа кезең басталады. Оған қоғамдық қатынастардың кернеуі сақталады.

Әрине, ол үшін орыс тілде сөйлейтін қазақтың ұлттық психологиясының қайта қалыптастыру көкейкесті мәселесін зерттеу қажет. Онсыз оларға – «Сенің ұлттық намысың қайда?» – деп талап ету дәрменсіз болып табылады. Сондықтан, қызмет инструкциясына ідетінің алды болып ана тілін білуін талап ету. Әйтпесе өз тіліне деген алемкеттілікті жоя маймыз, он-

сыз ұрпақтан ұрпаққа немкеттілік тілге деген ауыса береді.

Қазақ тілінің жандандыруды демократиялық жолмен шешу үшін біз сол совет өкіметі кезінде тіліміздің деңгейін кеміту саясатын керісінше жасап, қайта қажетті биікке көтеруіміз керек. Сонда ұлттық интеллегенция мен бұқара, халық ана тілінде ғылымды, ана тілінде емес, еңбек қатынастар қалыптасады. Осы талап, халқымыздың еркелігі немесе ұлттылығымыз емес – бұл тарихымызға деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім.

Н. Назарбаевтың, президентіміздің 2030-шы даму бағдарламасы осы ұлттық психологиясын қалыптасуын жоспарлайды. Екі ғасырдың қиылысында туған балалар – осы саясаттың мақсаты. Олар ана сүтімен тілімізді, дінімізді қабылдап, өсіп ұлттық кадрлар болып қалыптасады. Олар ішнен жоғарғы білім алған мамандар ел басқаратын азаматтар шығады, ғалымдар, басқарушылар. 2020-2025 жылдардың аралығында жас гвардиясы Қазақстанның экономикасын, ғылымды, мәдениетін жаңа ұлттық деңгейге көтереді. Сөйтіп, 2030 жылда Қазақстан бүгінгі бала бақшада, бастауыш мектептерде тәлім-тәрбие алып жатқан жастардың жетістігі болады.